

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ҒАЗЕТІ

№ 247 (9309) | 1953 жылғы 18 декабрь Жұма | Шығушы 34 жыл  
жеке саны 20 тыйын.

## Мал азығы ұқыптылықпен жұмсалсын

СОБП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы партия, совет және ауылшаруашылық органдарынан мал шаруашылығындағы артта қалушылықты жоюды және таяудағы екі-үш жылдың ішінде малдың санын, оның өнімділігін шұғыл арттыруды талап етті, сонымен қатар, бұл міндеттерді жүзеге асыру жолдарын белгілеп берді. Олай болса, ауыл шаруашылығын, әсіресе, қоғамдық мал шаруашылығын тез қарқынмен өркендету колхоздардың, МТС-тер мен совхоздардың, ауылшаруашылық орындарының кезек күттірмейтін міндеті болып табылады.

Малды қолда күту — мал шаруашылығындағы аса жауапты және қиын кезек. Қандай ғана тұлқын болсын қолда күту кезінде қонын төмендетіп алу оның өнімділігін кемуіне әкеліп соғатыны белгілі. Әсіресе, сауын малдардың қондылығының әлдеқайда төмендеуі сүт өнімділігін мол алынуына келінше әсерін тигізеді. Олай болса, мал қолда кезінде жемшөпті тағайындағанда норма бойынша және ұқыптылықпен жұмсау керек.

Облысымыздағы алдыңғы қатарлы колхоздар мен совхоздардың басшылары, мал шаруашылығының қызметкерлері малды қолда күтудің алғашқы күндерінен бастап-ақ жемшөпті тағайындағанда рацион бойынша жұмсалуды қамтамасыз етіп келеді. Атап айта кету қажет, бұл жөнінде машина-трактор станциялары мен ауыл шаруашылығының селода жұмыс істеуге оралған мамандары бірқатар игілікті жұмыстар істеді.

Мал азығын ұқыпты жұмсау мал шаруашылығының өнімділігін арттырудағы шешуші шарт екенін Мамлют совхозының тәжірибесінен айқын көруге болады. Совхоздың зоотехниктері әрбір сауын малға арнап жеке рацион жасады. Бұл жағдайда сауын малының жалпы салмағы, қондылығы, тұлқынға беретін сүт мөлшері есепке алынады. Бірақ, берілетін азықтың тәуліктік мөлшері бүкіл маусым бойына бірқалыпты болып белгіленбейді. Рацион 10—15 күн сайын ауыстырылады. Мұнда кейбір сауын сыйырларға азық көп берілгенмен олардан сүт алу мөлшері өзгермейді. Мұндай жағдайда совхоз малшылары мамандармен бірлесіп отырып, ра-

көрсетіп отырған жоқ. Дән үлкіш аппаратта МТС-тен бөлінген мотордың жарамсыздығы салдарынан іске қосылмай отыр.

Мұндай жағдайды Полудень ауданындағы «Путь социализма» колхозынан да көруге болады. Аталған колхозда азық бұландығы бар. Бірақ, оны іске қосу жөнінде не колхоз басшылары, не осы колхозды қамтыттың Ново-Георгиев МТС-нің басшылары ешбір шара қолданып отырған жоқ.

Мал қыстату маусымы мал шаруашылығын өркендетудегі ең қиын және жауапты кезек екенін ешқашан естен шығаруға болмайды. Малды қолда күтуге жауапсыз қарау, жемшөпті ұқыпсыз жұмсау мал шаруашылығын өркендетуге және оның өнімділігін арттыруға көп зиян келтіретіндігін өткен жылдардың тәжірибесі айқын көрсетті. Олай болса, колхоз басқармалары, ауыл шаруашылығының мамандары, жергілікті партия, совет органдары бүкіл маусым бойына мал азығының сақталуын және жұмсалуды ерекше бақылауға алып, кездескен кемшіліктерді жою жөнінде істің барысында нақтылы шаралар қолданып отыруға тиіс. Ал, колхоздың тексеру комиссиялары ай сайын жемшөптің жұмсалуды және қолда жемшөп қорының қанша қалғанын тексеріп отыруға тиіс. Оның үстіне әрбір мал фермасының менгерушісі өзі басқаратын учасок үшін қанша мал азығы бөлінгенін, оның қаншасын тасып алу керек екенін және мал азығын жұмсаудың тиімді жолдарын белгілеп отыруға міндетті. Тасылған жемшөптің өлшепін қабыдануын, оны арнаулы адамға сақтауға беруді қамтамасыз ету қажет.

Малды азықтандырмастан бұрын мал азығын өңдеуден өткізуді қамтамасыз етпейінше мал азығын ұқыптылықпен жұмсалудына жетісуге болмайды. Көптеген колхоздарда жаздық және күздік дақылдардың сабаны малды азықтандыруға қолданылады. Ал, шындығында оны бұландырмай, ұнтақтамай немесе басқа әдіспен өңдемей малға беруге болмайды. Өйткені, өңделмей берілген сабаның малға зияндылығы аз болатыны мәлім.

Жоғарыда айтылғандай, мал азығын алдын-ала өңдеуде МТС-тердің мамандары

## Малдың қорасы жылы, күтімі жақсы болсын

☆  
Ұйымшылдықтың нәтижесі

Ленин ауданы, Воровский атындағы колхозда мал қыстату маусымы өткен жылға қарағанда анағұрлым ұйымшылдықпен жүргізілуде. Бұған қоғамдық малдың жемшөп және жайлы қоралармен жеткілікті қамтамасыз етілуі мүмкіндік жасап отыр.

Малдың қондылығын арттыру және өнімділігін көбейту жолындағы күресте сауыншылар А. Шинкаренко, А. Костюкова және А. Морхова жолдастар тамаша еңбек үлгісін көрсетіп жүр. Олардың әрқайсысы быйылғы жылы алынған 14 бұзауды шығынсыз әрі күйлі өсіріп келеді.

Колхозда шошқа шаруашылығын өркендету ісіне В. Костюхова, Б. Ляхта жолдастар лайықты үлес қосуда. Олар өздеріне бекітіліп берілген мезгілдерден 210 торай алудың орнына, 230 торай алып, жылдық жоспарды асыра орындап шықты.

Жемшөпті ұқыпты жұмсауға, оның нормаға сәйкестендіріліп берілуіне жете көңіл бөлінген. Соның нәтижесінде мал азығы үнемделіп жұмсалды. Сауын сыйырлардың қондылығы және сүттілігі артуда. Сауылған сүт күн сайын дұрыс есепке алынады.

Фермаларда жұмыс істеуші мал өсірушілердің тұрмыстық және мәдени қажеттерін өтеуге де тиісті жағдай жасалған. Малшылар бос уақыттарында қызыл мүйісте көңілді дем алып, газет, журналдар оқыды, радио хабарларын тыңдады.

В. ВОЛОШИН.

### Қой шаруашылығы өркендеуде

Совет ауданы, Ленин атындағы ауылшаруашылық артелиде басқа тұлкітер сыяқты қой шаруашылығы да жылдан-жылға өркендеп келеді. Артель үстемізіндегі жылғы қой өсіру жоспарын асыра орындады. Қой өз төлі есебінен өсуде. Быйыл 800 аналық қойдан, 860 қозы алынды.

Қой санының көбеюімен бірге оның өнімділігі де артуда. Әрбір қойдан орта

Коммунистік партия ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің алдына таяудағы екі-үш жылдың ішінде еліміздің еңбекшілерінің азық-түлік товарлары, жеңіл және тамақ өнеркәсібінің шикізат жөніндегі қажеттерін толық өтеу міндетін қойып отыр. Олай болса, мал шаруашылығын өркендетудің жауапты кезеңі—мал қыстатудың үлгілі өткізілуін қамтамасыз ету керек.

## Озат бұзау күтуші

Каганович атындағы колхоздың товарлы сүт фермасында Ефимия Макаровна Черкасова жолдас бірнеше жылдан бері бұзау күтуші болып істейді. Ол өзінің бұзау күтуші болып істеген уақыты ішінде колхозға 500-ден астам бұзауларды шығынсыз өсіріп берді. Ефимия Макаровна соңғы жылдарда бұзауларды от жағылмайтын салқын үйде күту әдісін кеңінен қолданып келеді. Өткен жылы өзіне бекітіліп берілген 104 бұзауды салқын үйде күтіп, олардан 102 бұзауды аман өсірді.

— Дені сау, өмірге бейім, көнпіс бұзау алу үшін оған қамқорлықты бұзау тумас-тан бұрын жасай бастау керек, — дейді Черкасова жолдас.

Мұнда фермадағы буаз сыйырлардың бұзаулауына 1,5—2 ай қалғанда оларды сауу тоқтатылады, сөйтіп, мұндай сыйырлар сауын сыйырлармен бірдей азықтандырылады. Бұзаулауына 8—10 күн қалғанда сыйыр бұзаулайтын үйге қойылады. Мұнда сыйырды күту, азықтандыру тәртібі толық сақталады және тәулік бойына кезекші қойылады.

Бұзаулаған сыйырлардың бұзауын Черкасова жолдас қабылдайды. Жаңа туған бұзаудың үстін, аузын, тұмсығын, құлағын таза шүберекпен құрғатып сүртеді. Соған кейін бұзауды таза, құрғақ сабанға орап, от жағылмайтын салқын үйге екіліп, күнібұрын әзірленген клеткаға жатқызады. Міне, осы кезден бастап бұзау толығынан бұзау күтушінің қарауына көшеді.

Туғаннан кейін 35—40 минут өткен соң бұл бұзауға алғашқы уыз сауылып

беріледі. Алғашқы берілетін уыздың мөлшері 1—1,5 литрден аспайды. Екі жеті бойына бұзау өз енесінің сүтімен ғана азықтандырылады. Берілетін сүттің температурасы әрқашан да 37—38 градус болады. Туғанына 15—18 күн өткеннен соң бұзау басқа сыйырлардың сүтімен де азықтандырыла береді.

Черкасова жолдас бұзауды он күннен кейін пішен, сулы жармасын, арпа ұнын жеуге үйретеді. Ал, 21 күннен соң оған қаймағы алынған сүт бере бастайды.

Черкасова жолдас бұзауды от жағылмайтын салқын үйде өсіру әдісін қолдана отырып, бұл әдіс бойынша күтілген бұзаудың организмі нышылған, суыққа төзімді болатынын іс жүзінде дәлелдеді. Ол бұзау үйін әрқашан да таза ұстайды. Бұзаудың төсенішін жиі ауыстырып, еденін жуып отырады. Үйдің ауасы үнемі таза болады.

Ефимия Макаровна мал дәрігері Трусова, Шағлы МТС-нің аға зоотехнигі Безубова жолдастармен тығыз байланыс жасап отырады. Олармен үнемі ақылдасып, берген кеңестерін өз жұмысына шебер пайдаланады.

Кәзір Ефимия Макаровна 1954 жылы 100 бұзауды өз қарамағына алып, амал өсіруге міндеттеніп отыр. Ол бұл сәттің аброймен орындау үшін сыйырларды бұзаулау, бұзауды күтіп, бағу жұмыстарына керекті жағдайлардың бәрін осы бастап қамдауда.

В. ЛИЗУН,

Совет ауданы, Каганович атындағы колхоз.

## Мал күтімі жақсартылсын

Полудень ауданындағы «Путь социализма» ауылшаруашылық артели мал шаруашылығын өркендетудің жауапты кезеңі—қысқы маусымға жеткілікті әзірленуі үлгілі өткізу жөнінде талай рет шаралар белгілеген еді. Бірақ, олар өздері белгілеген шаралардың іс жүзінде асырылуы үшін нақты күрес жүргізбеді.

Артельде қоғамдық мал жемшөп қоры-нан толық қамтамасыз етілмеген. Олай

болуына тиісті көңіл бөлмей отыр. Соның салдарынан фермадағы малшылар жұмысқа өздері қалаған уақыттарда ғана шығады. Колхоздағы коммунистердің малшылар арасында авангардтық ролі сезілмейді. Олар фермада жұмыстардың жауапты учасоктеріне бекітілмеген. Бастауыш партия ұйымы малшылармен әңгімелер өткізу, еңбек тәртібін нығайту жұмыстарынан тыс қалған.

Жылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау

жолындағы жарыс

## Тәжірибе ауысу сапарлары

А. П. Миколя атындағы ет комбинатының бір топ жұмысшылары алыстағы Камчаткадан қайтып оралды. Балтаушы Мария, Момонт, закатчицалар Анна, Ачкава, Екатерина Афонасьева, слесарь Зоя Винникова, монтер Егор Еворский жолдастар Камчатканың консервішілеріне еңбектің өзат әдістерін меңгеру, жоғары сапалы ет өнімдерін шығару жөнінде үлкен көмек көрсетті.

Петропавл ет комбинаты Қазақстандағы ең үлкен ет комбинаттарының бірі. Ол консервілер мен шұжықтың ондаған сорттарын шығарады. Мұнда еңбекті көп керек ететін процестер кеңінен механикаландырылған. Комбинаттың техникалық көмек жөніндегі бригадасы быйылғы жылы Иркутск, Урал, Улан-Удэ және басқа қалалардың консерві жасайтын цехтарында болып, оларға консерві өнімдерін жасауда айтарлықтай көмек көрсетіп қайтты.

Осымен бірге Петропавл консервішілері басқа қалалардағы консервішілермен ет өнімдерін шығаруда тәжірибе ауысып отырады. Үстемізіндегі жылғы комбинаттың доценті Орск, Троицк жанапалдарының көмегімен майысқан қанжырларды ашуды механикаландырды, өндіріске және басқа да жанапалықтар енгізді.

Солтүстік Қазақстан еңбекшілерінің туысқан республикалар еңбекшілерімен техникалық, ауылшаруашылық және мәдени қатынастары жылдан-жылға күшейіп, нығая түсуде. Өзат тәжірибе ауыстыру жөніндегі сапарлар еңбек өнімділігін еселеп арттыруға, өндірістік жоспарларды мінсіз орындауға қолайлы жағдай туғызуда.

Петропавл теміржолшылары Омск машина жасаушыларымен тығыз байланыста. Олардың көмегінің нәтижесінде Петропавл паровоз депосында орта Волга заводның жанапалы токарі В. Колесовша металды қалың жону әдісі кеңінен қолданылуда. Осымен қатар атақты токарь Колесовта инженер Галантер және токарь Фидченко жолдастар болып қайтты. Бұл да металды қалың жону әдісін меңгеруді тездетуде.

Өзат тәжірибе ауыстыру және оны өн-



қойды өзгертеді. Мұның үстіне жерде қандай азықты сүйсініп жейтіндігі еске алынады.

Алайда, көптеген колхоз, совхоздар мен МТС-тердің басшылары, ауыл шаруашылығының мамандары СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысынан туатын өздерінің міндеттерін жете түсінбей, қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуге әлі күнге жауапсыздықпен қарап келеді.

Мысалға Булаев ауданындағы Ленин атындағы ауылшаруашылық артелиі (председателі Ақмәлінов жолдас) алайық. Бұл колхоздың малы бес жерде қыстайды. Колхозда қысқы маусымға жемшөптің 5.000 центнері жетіспейтіндігіне қарамастан, шөп бір жерде ғана өшініп беріледі. Мал қыстайтын басқа төрт орында жемшөпті өшіп беру мүлдем ұйымдастырылмаған. Оның үстіне қоралар жанына тасылып әкелінген шөптің өзі де өшініп қабылданбайды. Мұның ақыры кәзірдің өзінде шөп пен сабанның едәуір артық жұмсалыуына және малдың нормала түрде азықтандырылмауы себепті қоңының төмендеуіне әкеліп соғып отыр. Мұнда малға берілетін шөп аяқ астына тасталады. Ал, қосымша азық ретінде пайдаланылатын сұлы сыяқты дақылдар малға ұнтақталмай беріледі. Аталған колхозды Булаев машина-трактор станциясы (директоры Лепехин жолдас) қамтыды. Рас, МТС жемшөп тасу үшін бір трактор бөлген, бірақ, одан басқа колхозға ешбір көмек

берілмеген. Қысқы маусымда қойлар көрсетпес. Алайда, істің жайы біздің облысымызда бұлай болмай отыр. Мәселен, өткен аптада мал азығын алдын-ала өңдеуге Чистая, Калинин атындағы, Ильич атындағы, Чапаев атындағы, Семиполка, Петропавл МТС-тері сыяқты бірқатар машина-трактор станциялары мүлдем қатыспады. Ал, облыс бойынша мал азығын алдын-ала өңдеудің онкүндік тапсырмасын МТС-тер 3-ақ процент орындады. Оның үстіне бірқатар МТС-тер жемшөпті фермалар жанына тасу ісіне де қатыспай келеді.

Мал қыстату ісіндегі мұндай кемшіліктерге бұдан былайғы жерде мүлдем төзуге болмайды. Сондықтан жергілікті партия, совет және ауылшаруашылық органдары, ауыл шаруашылығының мамандары мал қыстату барысында кездескен кемшіліктерді дереу жойып, қысқы жағдайда малдың қондылығын төмендетпей, өнімділігін арттыра түсу ісіне барлық мүмкіншілікті жұмылдыруға міндетті.

Коммунистік партия ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің алдына таяудағы екі-үш жылдың ішінде еліміздің еңбекшілерінің азық-түлік товарлары, жеңіл және тамақ өнеркәсібінің шикізат жөніндегі қажеттерін толық өтеу міндетін қойып отыр. Олай болса, мал шаруашылығын өркендетудің жауапты кезеңі — мал қыстатудың үлгілі өткізілуінің қамтамасыз етуі керек.

өсеппен екіжарым килограмнан жүн қырқылды.

Артеледе қой шаруашылығының жоғарғы өнімді, мол табысты шаруашылыққа айналуына тәжірибелі шопандар елеулі үлес қосты. Шопан Ж. Асылбаев жолдас быйыл әрбір 100 аналық қойдан 107 қозы алып, оларды аман өсіруде. Ал, жас шопан Е. Жәкенов жолдас та қарамағындағы 300 қойды шығынсыз өсіріп келеді.

Қысқы маусым — мал шаруашылығын өркендетудің жауапты кезеңі. Мұны түсініп ферма коллективі қойларды қыс айларында бағып, күту жұмысына ойдағыдай әзірленді. Қажетті жемшөп қора маңына тасылып алынды. Қойларды күтуге өз ісін сүйетін, ысылған малшылар тағайындалған.

Фермада қойларды бағып, күтуде зоотехникалық-малдәрігерлік ережелердің шебер қолданылуы нәтижесінде, қойлардың қоңы жаз айларындағы қоңынан кеміген жоқ.

Қ. ӘБДИХАЛЫҚОВ.

### Тракторлар мен ауылшаруашылық

#### машиналарын жөндеу

## Жөндеуші механизаторлардың айбынды міндеті

Машина-трактор станциялары колхоз құрылысының индустриялық материалдық-техникалық базасы, колхоз өндірісін барлық жағынан өркендетудегі шешуші күш болып табылады. Ал, колхоз шаруашылығын өркендетуге көмектесу жөнінде МТС-тердің алдына қойылып отырған міндеттердің ойдағыдай орындалуы тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарының мезгілінде және сапалы жөндеуіне байланысты.

Быйыл облыс МТС-терінде күзгі-қысқы жөндеу жұмыстары өте қолайлы жағдайда жүргізіліп келеді. Олардың барлығы да тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеуге керекті жаңа станоктер, техникалық жағынан қамтуға қажетті жаңа жабдықтар, аспаптар алды. Демек, жөндеу мастерскойлары едәуір жаңа жабдықтармен жабдықталып, МТС-терді қосалқы бөлшектермен қамту біраз жақсартылды.

Партияның шақыруы бойынша МТС-терге көптеген жоғары білімі бар механизатор кадрлар, инженерлер, техниктер келді. Олар кәзір тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеу жұмысында жанамай еңбек етуде.

Мұның барлығы быйыл МТС-терде тракторларды және басқа машиналарды жөндеуді өткен жылдарға қарағанда анағұрлым күшті қарқынмен жүргізуге мүмкіншілік бар екенін көрсетеді.

Дегенмен, МТС-терде тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарды жөндеу жұмысының кәзіргі барысы қолда бар мүмкіншіліктерге сай дәрежеде емес. Тіпті жөндеу жұмысында алда келеді деген Чапаев атындағы, Ленин атындағы және Баян МТС-терінің өздері трактор жөндеу жөніндегі төртінші тоқсандық жоспарды 10 декабрьге дейін небары 60 процент ғана орындады. Ал, Петропавл, Ново-Георгиев, Полудень, Преснов, Семиполка және

бола тұрса да жемшөптің ұқыпсыз жұмсалыуына жол беріледі. Демек, мұнда малға азық өлшепін берілмейді. Ал, колхоз басшылары мал азығын өлшеп беруге арнаулы адам тағайындауды әлі күнге дейін ұмытып келеді.

Елеулі кемшіліктердің бірі — мал қораларға жасына, қондылығына қарай бөлініп орналастырылмаған. Бұған мысалға кәзіргі уақытта жас бузулармен тайшалардың бір қорда тұратындығын айтсақта жеткілікті.

Малға жабайы жемшөп буландырылып, ұсақталып әзірленбейді. Колхоз басшылары қолда бар дән үккіш, сабай турағыш машиналарды іске қосуды ескермей жүр.

Мал фермаларында малшылардың ойдағыдай жұмыс істеулеріне керекті жағдай толық жасалмаған. Сауыншыларға қажетті халат, орамал, шелек жеткіліксіз. Мұның өзі күнделікті істелетін шаруашылыққа керісінше әсерін тигізуде.

Колхоз басшылары мал өсірушілердің арасында еңбек тәртібінің дұрыс сақта-

жуға кезінде қыстауларға жеткізіп алудың маңызы зор екендігіне қарамастан, шөп тасу жұмысы мүлдем қанағаттанғысыз жүргізіліп отыр. Шөп тасуға бөлінген тракторлар өнімді пайдаланылмайды. Тракторлар тәулігіне шөп тасуға бір-ақ рет қатынайды.

Жоғарыда аталған кемшіліктердің барлығы қоғамдық малдың күйінің төмендеуіне, оның өнімділігінің едәуір кемюіне себеп болып отыр. Ал, колхоз басшылары бұл кемшіліктердің орын алып келе жатқандығын біле тұра, төзімділік жасап келеді.

Колхоз басшылары малшылар арасында еңбек тәртібінің дұрыс ұйымдастырылуына, мал азығының ұқыпты жұмсалыуына, сөйтіп, қоғамдық малдың қысқы маусымнан күйлі, әрі шығынсыз шығуына қажетті барлық шараларды қолданулары керек.

Б. ЖАҚЫПОВ.

(Өз тілшіміз).

діріске енгізу мақсатымен қаланың басқа да фабрика-заводтарының делегациялары еліміздің таңдаулы кәсіпорындарында болды.

Б. ӘБІЛМӘЖІНОВ.

### Мерзімінен бір ай бұрын

Партиямыз бей үкметіміздің азық-түлік товарларын шығаруды ұлғайту жөніндегі қаулысы Петропавл наң комбинаты коллективі арасында жаңа зор орлеу тұрғызуда. Коллектив еңбек өнімділігін арттыру жолындағы күресті күшейте отырып, үстіміздегі жылы нан-булқа кондитер тағамдарын шығаруды едәуір ұлғайтты.

Комбинат 11 ай ішінде жылдық жоспарды толық орындап шықты. Кәзір коллектив 1954 жылдың есебіне өнім шығаруда. Жоспардан тыс өнім шығаруда Белоусов және Добрынина жолдасар басқарған комсомол-жастар бригадалары үздік алда келеді.

Р. ҚАСЕНОВ.

## Г. М. Маленковтың ГДР Премьер-Министрі Отто Гротевольді қабылдауы

Осы жылғы 16 декабрьде ССРО Министрлер Советінің Председателі Г. М. Маленков Герман Демократиялық Республикасының Премьер-Министрі Отто Гротевольді қабылдады.

Шын пейілділік және достық рухында өткен әңгімеге ССРО Министрлер Советі Председателінің Бірінші Орынбасары және Сыртқы Істер Министрі В. М. Молотов, СОКП Орталық Комитетінің Бірінші Секретары Н. С. Хрущев және ССРО-ның Германиядағы Жоғарғы Комиссары В. С. Семенов қатысты.

### Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығы

Алматының мәдени-ағарту мекемелерінде Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығын мерекелеуге әзірлік басталды. Қалалық лекция бюросы мерекелі датаға арналған лекциялардың жоспарын бекітті. Қазақ ССР Ғылым академиясының ғалымдары қаланың жоғары оқу орындарының профессорлары мен оқытушылары, лекторлар қаланың кәсіпорындарында, мекемелері мен оқу орындарында «Украинаның Россиямен қайта қосылуының тарихи маңызы», «Орыс және украин халықтарының қанаушылар мен шетел басқыншыларына қарсы бірлескен күресі», «Советтік Украинаның ұлы жетістіктері — бүгінгі совет халқының мақтанышы», «Совет Одағының Коммунистік партиясы — ССРО халықтарының мызғымас достығына дем беруші және ұйымдастырушы», «ССРО халықтарының мызғымас мәңгі достығы — Отанымыздың жеңілмейтіндігінің қайнар бұлағы», «Қазақ халқының ұлы орыс халқымен және еліміздің туысқан барлық халықтарымен достығы» деген тақырыптарда лекциялар оқылды.

Қаланың кітапханалары «ССРО халықтарының мызғымас достығы көркем әдебиетте» деген тақырыпта және Н. Рыбактың «Переяслав радасы» романы, Л. Дмитренконың «Мәңгі біргеміз» пьесасы бойынша кітап оқушылар конференциясын өткізуге әзірленуде. Көпшілік кітапханада, орталық, қалалық, университеттік және басқа кітапханаларда әдебиет көрмелері, фотомонтаждар, тарихи датаға арналған витриналар ұйымдастырылуда. Кітапханалар үгішілерге, әңгімешілер мен насихатшыларға арнап Украинаның Россиямен қайта қосылуының тарихи маңызы туралы, Отанымыздың халықтарының мызғымас мәңгі достығы туралы материалдар іріктен қойды.

Қалалық мәдениет бөлімі А. С. Пушкин атындағы көпшілік кітапханасымен бірлесіп, әдебиет кештерінің тақырыбын жасады, көрмелерді, витриналарды, монтаждарды безендіруге арналған кітаптардың нұсқау тізімі жасалды. (ҚазТАГ).

жазған көрінеді. Бірақ, ол бұйрық қағаз жүзінде қалған. Осы уақытқа дейін тораптардың барлығы бірдей жұмыс орындарымен қамтамасыз етілмеген. Ал, жұмыс орны белгіленді деген тораптар жөндеуші механизаторлармен толықтырылмаған, жөндеу аспаптарымен жабдықталмаған. Жөндеушілерге тапсырмалар күн сайын жеткізіліп отырылмайды. Жөндеу жұмысының көлемі өте үлкен екеніне қарамастан, жөндеуші механизаторлардың тапсырма ала алмай кейде жұмыс күнін бос жүрумен өткізулері сыяқты фактілер жиі кездеседі. Мастерскойларда бар тетіктер, двигательдер толық пайдаланылмайды. Машинаның бөлшектерінің сапалы жөндеуін тексеріп отыратын бақылаушы-механиктер өз жұмысына мүлдем жауапсыздықпен қарайды. Осының салдарынан, көбінесе, тракторларды жөндеген кезде кейбір жұмысқа жарамсыз бөлшектер қойылады. Тіпті, жарамды бөлшектердің өзі көбінесе тазартылмай, майланбай, тәртіпке келтірілмей орналастырыла салынады.

Жөндеуден өткізілген тракторларды қабылдайтын комиссиялар олардың жөндеу сапасын тексеруге атүсті қарайды, ал, жөндеу жұмысының аяқ кезінде жұмысты мейлінше ауырлатып алуға әкеліп соғады. Төртінші тоқсанның аяқталуына онша көп уақыт қалған жоқ. Ең басты міндет — барлық МТС-терде жөндеу жұмысына озат әдіс — тораптық әдісті кеңінен қолдана отырып, еңбек өнімділігін арттыруды қамтамасыз ету. Жөндеуші, механизаторларға тапсырмаларды мезгілінде жеткізіп, олардың орындалуын қатаң талап етіп отыру керек. Машиналардың жөндеу сапасын жақсарту мақсатымен жөндеуші механизаторларды керекті аспаптармен, жұмыс орынын жабдықтап, олардың өз ісіне жауапкершілігін арттыру керек. Сонымен бірге, жөндеуден өткізілген тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын қабылдап алатын комиссиялардың жауапкершілігін күшейту керек. Сөйтіп, тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарды жөндеуді әрі тез, әрі сапалы жүргізуді қамтамасыз ету қажет.

Міне, мұның барлығы жөндеу жұмысының баяу және сапасы төмен болуы МТС басшыларының айтып жүргеніндей, қосалқы бөлшектердің жеткіліксіздігінен емес, жөндеуші механизаторлардың еңбегінің нашар ұйымдастырылуының, қолда бар бөлшектерді пайдалануда тиімділіктің орын алуының салдарынан екенін көрсетеді.

Облыс МТС-терінің машина-трактор парктерін пайдалануды жақсартуда Мамлот жөндеу заводы үлкен роль атқарады. Бірақ, бұл жөндеу зауыдының басшылары МТС-терге жеткілікті дәрежеде көмектесе алмай отыр. Завод төртінші тоқсанда 260 трактор двигательдерін жөндеуге тиіс болса, бұдан бар болғаны 198 двигатель ғана жөндеді, соның өзінде бұлардың барлығы да тек донғалақты тракторлардың двигательдері. Завод шыңжыр табанды тракторлар двигательін жөндеу жұмысымен мүлдем шұғылданбай келеді.

Сол сыяқты, заводқа жөндеу үшін Тимирязев атындағы, Ворошилов атындағы және Интернационал МТС-терінің тоқарь

станоктерін өкелгеніне үш айдан астам уақыт өтті. Бірақ, олардың бірде-бірі әлі жөнделген жоқ. Ал, МТС-терде кәзір жөндеу жұмыстары қызу жүріп жатқанда, олар үшін тоқарь станоктерінің тез жөндеуінің өте қажет екені белгілі.

Заводта ауылшаруашылық машиналарын жөндеуге қажетті бөлшектерді дайындаудың барысы да қанағаттанғысыз.

Айта кетугіміз керек, кейбір МТС-тердің басшылары негізгі күшті ең алдымен жеңіл жұмыстарға жұмылдырып, күрделі жөндеулерді кейінге іркіп қалдырады. Ал, комбайн жөндеуді мүлдем тоқтатып қояды. Мұндай фактілерді, әсіресе, Приешім, Торангул, Коновалов МТС-терінен кездестіруге болады. Жөндеу жұмыстарындағы мұндай кезекке қоюшылық дұрыс емес. Ол жөндеу жұмысының аяқ кезінде жұмысты мейлінше ауырлатып алуға әкеліп соғады.

Төртінші тоқсанның аяқталуына онша көп уақыт қалған жоқ. Ең басты міндет — барлық МТС-терде жөндеу жұмысына озат әдіс — тораптық әдісті кеңінен қолдана отырып, еңбек өнімділігін арттыруды қамтамасыз ету. Жөндеуші, механизаторларға тапсырмаларды мезгілінде жеткізіп, олардың орындалуын қатаң талап етіп отыру керек. Машиналардың жөндеу сапасын жақсарту мақсатымен жөндеуші механизаторларды керекті аспаптармен, жұмыс орынын жабдықтап, олардың өз ісіне жауапкершілігін арттыру керек. Сонымен бірге, жөндеуден өткізілген тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын қабылдап алатын комиссиялардың жауапкершілігін күшейту керек. Сөйтіп, тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарды жөндеуді әрі тез, әрі сапалы жүргізуді қамтамасыз ету қажет.

Міне, мұның барлығы жөндеу жұмысының баяу және сапасы төмен болуы МТС басшыларының айтып жүргеніндей, қосалқы бөлшектердің жеткіліксіздігінен емес, жөндеуші механизаторлардың еңбегінің нашар ұйымдастырылуының, қолда бар бөлшектерді пайдалануда тиімділіктің орын алуының салдарынан екенін көрсетеді.

Облыс МТС-терінің машина-трактор парктерін пайдалануды жақсартуда Мамлот жөндеу заводы үлкен роль атқарады. Бірақ, бұл жөндеу зауыдының басшылары МТС-терге жеткілікті дәрежеде көмектесе алмай отыр. Завод төртінші тоқсанда 260 трактор двигательдерін жөндеуге тиіс болса, бұдан бар болғаны 198 двигатель ғана жөндеді, соның өзінде бұлардың барлығы да тек донғалақты тракторлардың двигательдері. Завод шыңжыр табанды тракторлар двигательін жөндеу жұмысымен мүлдем шұғылданбай келеді.

Сол сыяқты, заводқа жөндеу үшін Тимирязев атындағы, Ворошилов атындағы және Интернационал МТС-терінің тоқарь

Г. НЕСПРЯДЬКО.  
Облыстық ауылшаруашылық басқармасының бас инженері.



Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығы қарсаңында  
**Украин халқының бақытты тағдыры**

М. ГРЕЧУХА

Украин ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі

Ұлы Совет Одағының барлық халықтары, партияның XIX съезі мен СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының тарихи қарарларымен жігерленіп, коммунизм орнатудың ұлы программасын ойдағыдай жүзеге асыруда. Советтік қоғамның басқарушы және бағыттаушы күші болып табылатын Коммунистік партия социалистік Отанымызды халық шаруашылығы мен мәдениетті жаңадан өркендету, ССРО еңбекшілерінің тұрмыс жағдайын үздіксіз жақсарту беру, Совет мемлекетінің қуатын оған әрі нығайта беру жолымен еркін алға бастауда.

Халықтардың тең праволылығы мен достығының ұлы принциптері негізінде құрылған көп ұлтты совет мемлекеті коммунизм орнатудың қуатты құралы, барлық социалистік ұлттардың бостандығы мен гүлденуінің сенімді кепілі, капиталистік елдердің еңбекшілері мен отар елдердің езілген халықтарының ізгі үміттері мен армандарының бейнесі, бүкіл дүние жүзінде бейбітшілік орнатудың мызғымас тірегі болып табылады.

Жұмысшы табы мен колхозшы шаруалардың мызғымас одағы, барлық совет халықтарының туысқандық достығы мен өзара көмегі, олардың саяси-моральдық бірлігі және Коммунистік партия мен Совет Үкметінің төңірегінде тығыз топтасқандығы, олардың өз социалистік Отанына деген негізсіз сүйіспеншілігі мен берілгендігі біздің Совет мемлекетінің күші мен қуаттылығының негізі, коммунизм жолындағы күресте барлық табыстарға жетуіміздің сарқылмас қайнар көзі болып табылады.

\* \* \*

Халықтардың туысқандық достығының жаңаданушы күші, Коммунистік партияның лениндік-сталиндік ұлт саясатының салтанат құруы әсіресе ұлы Совет Одағының құрамдық және бөлінбес бөлігі болып табылатын Советтік Украинаның мысалынан ерекше айқын көрініп отыр. Украина Ұлы Октябрь социалистік революциясына дейінгі артта қалған және құлдық түскен жартылай отар елден Совет өкметі тұсында гүлденген индустриялы-колхозды советтік республикаға айналды. Совет Одағының қуаттылығы арқасында украин халқы нағыз бостандық пен тәуелсіздікке ие болды, өзінің ежелгі жерлерінің бәрін біртұтас Украин Советтік мемлекетіне қайта қосты, сойтіп ССРО-ның барлық халықтарымен бірге коммунистік құрылысты ойдағыдай жүзеге асырып келеді, бейбітшілік пен халықаралық хауіпсіздікті нығайту жолында белсене күрес жүргізуде.

Халқымыздың қас жаулары — украин буржуазияшы-ұлтшылдары өздерінің бар күшін ұлы орыс халқына қарсы сенімсіздік пен өшпенділік туғызуда, ССРО халықтарының туысқандық достығын бұзуда жұмсады. Коммунистік партия украин халқына украин буржуазияшы-ұлтшылдарының айуаның көрінісін әкел-

Украинада 1.347 машина-трактор станциялары мен арнаулы станциялар құрылды, оларда соғысқа дейінгіден тракторлардың саны 68 процент, комбайндар 63 процент артты. Соңғы екі жылдың ішінде ғана біздің республикамыз ондаған мың жана тракторлар, комбайндар және басқа ауылшаруашылық машиналарын алды.

Колхоз құрылысының қуатты материалдық және техникалық базасы болып табылатын, ауылшаруашылық өндірісін өркендетудегі бешуар күш болып табылатын республиканың машина-трактор станциялары барлық ауылшаруашылық жұмыстарының 80 проценттен көбін, ал өндірістік облыстарда — 90—95 процентіне дейін орындайды.

Колхоз өндірісін электрлендіру барған сайын зор көлемде жүргізілуде. Соңғы жылдары Украин ССР-інде 4 мыңнан аса селолық электр станциялары қалына келтірілді және жаңадан салынды, бұлардың қуаты 1940 жылғы дәрежеден 9 есе артты. Республикада кәзірдің өзінде барлық колхоздардың төрттен бір бөлігі электрлендірілді. Электр қуаты колхозшылардың тұрмысына кеңінен енгізілуде. Міне мұның барлығы колхоз селосының мәдениетін оған әрі көтеруге көмектеседі.

Ауыл шаруашылығын кеңінен механикаландырып электрлендіру, колхоз өндірісіне отандық агрономиялық ғылымның жетістіктерін енгізу, колхозшы шаруалардың қажырлы еңбегі социалистік еңіштіктің мәдениетін арағұрлым арттыруға, өткен жылғы қарағанда дәла жұмыстарының негізгілерін неғұрлым ұйымдастырған түрде өткізуге, егінді қысқа мерзімде ырапыр жыйнауға және күздік егінді агротехникалық қолайлы мерзімде салуға мүмкіндік туғызды. Украин ССР-інің колхоздары мен совхоздары мемлекетке астық тапсыру жоспары мерзімінен бұрын орындалды. Өткен жылға қарағанда мемлекетке жарма және майлы дақылдар, овоң пен картоп едәуір артық тапсырылды. Қант қызылшасын жыйнау, тасу жұмыстары аяқталды. Дәнді дақылдар тұқымы құйып алынып, зыб жұрту түгелдей дерлік аяқталды.

Біздің республикамыздың колхоздары мен совхоздары малдың санын едәуір өсіруді қысқа мерзім ішінде қамтамасыз етті. Украин ССР-інде 1945 жылдан 1953 жыл арасында сыйыр малының саны 4,7 миллионнан аса, қой мен ешкінің саны 5,6 миллиондай, шошқаның саны 7,2 миллион көбейді.

Колхоз құрылысы еңбекші шаруаларды ізгі творчестволық еңбекке бұрын-соңды болмаған дәрежеде көтерді. Біздің республи-

жұмыстардың көлемі орасан зор екенін мына жағдай толық ыспаттайды, Украина Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің октябрь Пленумы атап көрсеткендей, біз талудағы екі—үш жыл ішінде 1952 жылмен салыстырғанда ет пен сүт өндірісіне екі есе, картоптың жалпы түсімін кемінде екі есе, овоңтың жалпы түсімін екі жарым есе, тарының жалпы түсімін, қара қумықтың жалпы түсімін кемінде екі есе, жүгерінің жалпы түсімін кемінде біржарым есе арттыруға тиістіміз.

Бұл маңызды, жалпы мемлекеттік міндетті жүзеге асыру бүкілхалықтық іске айналды. СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының тарихи қарарлары орындау жолындағы күреске колхозшылар мен колхозшы әйелдер, МТС пен совхоз жұмысшылары, ғылыми қызметкерлер, қалалардың еңбекшілері тегіс жұмылды.

СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қарарларын орындай отырып, Украин ССР-інің партия, совет және ауылшаруашылық органдары жаңа ауылшаруашылық жылына, ең алдымен алдағы көктемгі жұмыстарға әзірлікті кеңінен өрістетті. Өнеркәсіпті қалалардың төңірегіндегі овоң шаруашылығын өркендету жөніндегі елеулі кемшіліктерді түзетуге бағытталған, өзен жағалауларын картоп пен овоң өндірісін ұлғайтуға пайдалануға бағытталған бағыт шаралар қолданылды.

Украина Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің октябрь Пленумы ауыл шаруашылығына басшылықты мықтап жақсарту, республика колхоздары мен МТС-терін маман кадрлармен нығайту жөнінде нақты шаралар белгіледі. Былғы жылы қалалардан МТС-терге 3.800 инженер-механик, колхоздарға тұрақты жұмыс істеуге 26 мың агроном, зоотехник және басқа мамандар жіберу белгіленді.

\* \* \*

Социалистік құрылыс совет ғылымының, әдебиеті мен искусствосының өркендеуіне дағдыл жол ашты. Алдыңғы қатарлы орыс мәдениетінің ізгі ықпалымен ССРО-дағы басқа да социалистік ұлттар сыяқты, Украин халқының да түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениеті тамаша гүлденіп өсті.

Советтік Украинада жалпыға бірдей міндетті жеті жылдық білім беру ісі ойдағыдай жүзеге асырылуда және орта, оң жылдық білім беру ісі барған сайын ұлғаяуда. Біздің республикада кәзір соғыстан бұрынғы 1940 жылғыдан орта мектептер саны 830 болып көбейіп отыр, ал

мемлекетін басқарады. Советтердің күші, олардың нағыз бұқаралық ұйым болып табылатындығында, қала мен деревняның барлық еңбекшілерін біріктіретіндігінде, коммунизм жеңісі жолындағы күресте жұмысшылар мен шаруалардың мызғымас одағын бейнелейтіндігінде.

\* \* \*

Өзінің саяси, экономикалық және мәдени өміріндегі барлық табыстары үшін украин халқы Коммунистік партияның кеңестерлік басшылығына, ұлы орыс халқының және біздің Советтік Отанымыздың барлық халықтарының Украинаға көрсеткен және көрсетіп отырған баға жеткісіз, қалтқысыз көмегіне борышты.

Советтік Украина елеулі дата — Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығы қарсаңында отыр. Бұл аса көрнекті оқиғға украин халқының шетел басқыншыларына қарсы, әрдайым өзінің сенімді қорғаушысын және досын көрген туысқан орыс халқымен қайта қосылу жолындағы көп ғасырларға созылған күресінің бақыттылықпен аяқталған кезеңі болды.

Аса көрнекті мемлекет қайраткері және қолбасшы Богдан Хмельницкийдің басшылығымен шақырылған Переяславль радасының тарихи қарары бүкіл украин халқының ұлы орыс халқымен туысқандық достықта, біртұтас семьяда өмір сүргісі келетіндігін білдіретін бірауыздылық ерікті үні болды. Мұның өзі украин халқының тарихында бетбұрыс кезең болды.

Сол кездің өзінде украин халқы өзінің тағдырын қаны бір орыс халқымен мәңгілік байланыстырды, сойтіп өзін құтқарып, ұлт ретінде сақтап қалды. Сол кездің өзінде украин және орыс халықтарының оған әрі саяси және экономикалық дамуының берік негіздері қаланды.

Екі ұлы славян халқының біртұтас мемлекетке бірігуі, царизмнің, орыс және украин феодалдарының реакцияшыл саясатына қарамастан, ішкі және сыртқы ортақ жауларға қарсы бірлескен күресте бірден-бір дұрыс жол тандап алған Россия және Украина халықтарының туысқандық достық ынтымағын нығайтты.

Ортақ қанаушыларға — крепостниктер мен буржуазияға, царизм мен капиталистік құзданушылыққа, шетел басқыншыларына қарсы күресте ерте замандағы орыс халқының біртұтас тамырынан шыққан, түпкі тегінің тұтастығымен байланысты, тілі мен мәдениеті жағынан біртұтас және жақын екі ұлы туысқан халықтың қанмен шыңдалған, айыратқысыз достығы дамыды және өсті. Бұл туысқандық достық ленинизм туы астында, Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңісі жолындағы күресте, ішкі контрреволюция мен шетелдік соғыс интервенциясына қарсы азамат соғысының от-жалығында, елді индустрияландырудың және

**ССРО Прокуратурасында**

1953 жылғы 26 июньде ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы шетелдік капиталдың агенті болған А. П. Берияның Совет мемлекетін әлсіретуге бағытталған қылмысты әрекеттері туралы ССРО Министрлер Советінің хабарын қарап, А. П. Берия ССРО Министрлер Советі Председателінің бірінші орынбасарының қызметінен және ССРО Ішкі істер министрінің қызметінен алынып, Берия сот жауабына тартыласын деп қаулы етті. ССРО Жоғарғы Советі 1953 жылғы 8 августа ССРО Жоғарғы Советі Президиумының 26 июньдегі Указын бекітті.

Кәзіргі уақытта ССРО Прокуратурасы Отанға опасыздық еткен А. П. Берияның ісі жөніндегі тергеуді аяқтады.

Тергеуде мынау анықталды: Берия өзінің қызмет бабын пайдаланып, Совет мемлекетіне дұшпан қаскүнемдердің опасыз тобын топтастырған. Ол топ Ішкі істер министрлігінің органдарын орталыққа, сондай-ақ жергілікті жерлерде шетелдік капиталдың мүдделері үшін ССРО-ның Коммунистік партиясы мен Үкметіне қарсы пайдалануды өзіне қылмысты мақсат етіп қойған, өздерінің зулымдық әрекеттерінде капитализмді қайта тудырып, буржуазияның үстемдігін қалпына келтіру мақсатымен өкметті басып алу және советтік жұмысшы-шаруа құрылысын жою үшін Ішкі істер министрлігін партия мен үкметтен жоғары қоюға тырысқан.

Ішкі істер халық комиссариаты — Ішкі істер министрлігі органдарында көп жылдар бойы бірлескен қылмысты әрекетінде Бериямен байланысты болған қаскүнемдердің опасыз тобына белсенді қатысқандар: ССРО-ның бұрынғы Мемлекеттік хауіпсіздік министрі, ал, соңғы уақытта ССРО Мемлекеттік бақылау министрі — В. Н. Меркулов, ССРО Ішкі істер халық комиссариаты басқармаларының бірінің бұрынғы бастығы, ал, соңғы уақытта Грузия ССР Ішкі істер министрі — В. Г. Деканозов, Грузия ССР Ішкі істер халық комиссариаты бұрынғы орынбасары, содан кейін ССРО Мемлекеттік хауіпсіздік министрінің орынбасары, ал, соңғы уақытта ССРО Ішкі істер министрінің орынбасары — В. З. Кобулов, Грузия ССР-нің бұрынғы Ішкі істер халық комиссары, ал, соңғы уақытта ССРО Ішкі істер министрлігі басқармаларының бірінің бастығы — С. А. Гоглядзе, ССРО Ішкі істер халық комиссариаты басқармаларының бірінің бұрынғы бастығы, ал, соңғы уақытта УССР Ішкі істер министрі П. Я. Мешик және ССРО Ішкі істер министрлігінің ерекше маңызды істер жөніндегі тергеу бөлімінің бұрынғы бастығы — Л. Е. Владзимирский.

Берия және оның сыбайластары көп жылдар бойы өздерінің дұшпандық, опасыздық әрекетін мұқият бүркемелеп, жасырып келген. И. В. Сталин қайтыс болғаннан кейін, реакцияшыл империалистік күштер Совет мемлекетіне қарсы бүлдіру әрекеттерін күшейткен кезде, Берия ең алдымен өкметті басып алу үшін Ішкі істер министрлігін, оның ішіндегі

Отанға опасыздық етуші және шпион ретінде әрекет жасап, шетелдік разведкаларға сатылған Берия өзінің бүкіл қылмысты әрекеті тұсында, өз сыбайластарының көмегімен, контрреволюцияшыл грузин меншевиктерімен — бірқатар шетелдік разведкалардың агенттері болған эмигранттармен де астыртын байланыс жасап келген.

Бұрынғы қылмыстарын және шетелдік мемлекеттердің разведкаларымен дұшпандық байланыстарын мұқият жасырып, бүркемелей отырып, Берия Совет мемлекетіне қарсы өзінің дұшпандық арамниеттеріне бөгет болған және оның өкмет билігіне не болуына кедергі жасаған алаңнәтигі партия және совет қызметкерлеріне қарсы жала жабуды, қулық-сұмдықтарды, әртүрлі арандату әрекеттерін негізгі әдіс ретінде сайлап алған.

Осы қылмысты әдістердің көмегімен Закавказье мен Грузияда, ал, содан кейін ССРО Ішкі істер министрлігінде жауапты қызметтерге етіп алып және опасыздық мақсаттармен өкметті басып алу жоспарларын көздей отырып, Берия және оның сыбайластары өздеріне ұнамаған адамдарды жазалап, озбырлық және заңсыздық әрекеттер жасауға дейін барған, партия мен мемлекетті зулымдықпен алдап келген.

Тергеуде Берияның мансапқорлық мақсаттарға жетуге және өзінің дұшпандық бейнесін әшкередеуден сақтануға бағытталған толын жатқан қылмысты айла-өрекеттері анықталды. Мысалы, тергеуде мынау анықталды: Берия өзінің сатқындық мақсаттарына жету үшін бірқатар жылдар бойы өз сыбайластарының көмегімен, Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің аса көрнекті қайраткері — Сергій Орджоникидзеге қарсы қылмысты пәл-корлық күрес жүргізген, өзінің жоғарылай түсуіне және дұшпандық арамниеттерін жүзеге асыруына Орджоникидзедің кедергі жасайтын адам екенін білген. Кәзір анықталып отырғанындай, Сергій Орджоникидзе Берияға саяси жағынан сенбеген. Сергій Орджоникидзе қайтыс болғаннан кейін қаскүнемдер оның семья мүшелерінен қатал кек алып келген.

Қаскүнемдердің өздерін әшкередейді деп хауіптенген адамдарды террорлықпен ал-тірген фактілері де тергеуде анықталды. Берия мен оның сыбайластары, мысалы, Коммунистік партияның 1902 жылдан бері мүшесі, Ф. Э. Дзержинский тұсында ВЧК Президиумы мен ОГПУ коллегиясының мүшесі болған — М. С. Кедровты өлтірген. Қаскүнемдер Кедровтың қолына Берияның бұрынғы қылмыстары туралы материалдар бар деп дұрыс күдіктенсе, Мұнымен қатар, адал нәтигі Коммунистік партия мен совет өкметінің ісіне берілген кадрларды қырып-жоюдың қылмысты мақсатымен қаскүнемдер жасаған террорлық өлтірулердің басқа да фактілері анықталды.

Тергеуде анықталғанындай, Берия және оның сыбайластары Совет Одағының қорғаныс қабілетін әлсіретуге тырысып, бір-



ресеп, сөйтіп бұл жексұрын қылмыстыларды, халықаралық империализмнің зұлым агенттерін талқандауға көмектесті. Советтік Украинаның халқы ССРО халықтарының лениндік-сталиндік достығына шексіз адалдықпен қарайды және туысқан орыс халқымен, еліміздің барлық басқа халықтарымен қасырлар бойына қалыптасқан достықты қасиет тұтып ардақтайды.

ССРО халықтарының мызғымас достығы Ұлы Отан соғысы жылдарында сұрапыл сұңқардан өтіп, соғыстан кейінгі жылдарда халық шаруашылығын қалпына келтіру және оған әрі өркендету жолындағы күресте оған сайын нығая түсті. Совет Одағының үнемі өсіп отыратын көмегіне, ұлы орыс халқының және ССРО-дағы барлық халықтардың туысқандық көмегіне сүйене отырып, Советтік Украина қыраған шаруашылығын тез қалпына келтіріп, социалистік экономика мен мәдениетті өркендетуде елеулі табыстарға жетті.

Донбасс пен Приднепровияның металлургиялық заводтары жаңа техникалық негізде қайта қалпына келтіріліп, кәзір металл соғыстан бұрынғыдан әлдеқайда көп беріп отыр. Республиканың машина жасайтын өнеркәсібі соғыстан кейінгі жылдардың ішінде жаңа өндірістік қуаттарға, ең жаңа техникалық құрал-жабдықтарға ие болды, ол жылдан жылға машиналар, станоктар және механизмдер шығаруды көбейтуде. Украин ССР-нің машина жасайтын өнеркәсібінің жалпы өнімі 1940 жылғымен салыстырғанда екі еседен де көп артты. Атап айтқанда, трактор шығару екіжарым есе, трактор плугтарын шығару — екі еседен де көп, трактор сепаларын шығару — жеті есеге жуық артты.

Кеншілердің қаһармандық қажырлылығы мен партия мен үкметтің көмір өнеркәсібін өркендетуге деген күнделікті қамқорлығының арқасында Донбасс тағы да Совет Одағындағы ең ірі және неғұрлым механизаландырылған көмір бассейніне айналып, елімізге көмірді 1940 жылдарыдан анағұрлым көп беріп отыр.

Коммунистік партия тәрбиелеген совет адамдарының ерлік істерінен олардың өз халқының игілігі үшін, сүйікті социалистік Отанымыздың қуаттылығын нығайта беру үшін мүмкіндігі болғанына көп және жақсы істеуге ұмтылатындығы айқын көрінеді. Ауыр өнеркәсіпті өркендетудегі қол жеткен табыстар негізінде халық тұтынатын товарлар шығаратын өнеркәсіп те едәуір өсті.

ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінің соңғы уақытта қабылдаған халық тұтынатын заттар өндірісін шұғыл ұлғайтуды және олардың сапасын жақсартуды көздеген қаулылары республика өнеркәсібін қызметкерлерін еңбекте жаңа ерлік істер жасауға жұмылдырды.

Коммунистік Партияның Орталық Комитеті мен Совет Одағының үкметі неміс-фашист сөйханшыларының қыратушылығына ерекше көп ұшыраған Украин ССР-інің ауыл шаруашылығына өте-өте көп көңіл аударып, көмектесіп отырады.

рушы талантты тамаша кадрлар өсіп жетті.

Олардың тәжірибесі негізінде, көлхоз селосының даңқты адамдарының жетістіктері негізінде — Елена Хобтаныц, Марк Озерныйды, Прасковья Ангелинаныц, Агринина Пармузиныц, Мария Савченконны, Александр Гиталовтын, Степанида Виштактыц, Евгения Долынюктыц, Феяла Шведконыц, Мария Фастованыц, Марта Худолійдыц тағы басқаларының жетістіктері негізінде көлхоз өндірісінің мыңдаған жаңа алдыңғы қатарлылары тәрбиеленуде, бұлар бидайдың гектарынан 35—40 центнер, жүгерінің гектарынан 80—90 центнер, картоптың гектарынан 500—600 центнер, қант қызылшасының гектарынан 700—800 центнер өнім жыйнап келеді; таңдаулы сауыншылар өздеріне бекітілген әрбір сыйырдан 5—6 мың литр, одан да көп сүт саууда; даңқты шошқа өсірушілер әрбір мерезінен 20—25 торайдан өсіріп отырады.

Украинаның ауыл шаруашылығы алдыңғы қатарлыларынан 59 мыңдай адам үкметтің жоғары наградаларын алды, ал, көлхоз өндірісінің 1,057 жапашылына Социалистік Еңбек Ері құрметті атағы берілді.

Социалистік экономиканың тез өсуімен бірге совет адамдарының материалдық ал-ауқаты мен мәдени дәрежесі де үздіксіз артып келеді. Бұл — социалистік қоғамның дамуының заңды нәтижесі болып табылады, социалистік қоғамда халықтың ал-ауқатына қамқорлық ету Коммунистік партия мен Совет үкметінің бүкіл саясатының және практикалық күнделікті ісінің жоғары заңы болып табылады.

1953 жылы азық-түлік және өнеркәсіп товарларының бөлікке сауда бағасының алтыны рет кемітілуі, ауыл шаруашылығы салығының азайтуы, ССРО ұлттық табысының үздіксіз артуы осы қамқорлықтың айқын сыйпаттамасы болып табылады. Совет Одағының мемлекеттік бюджеті және одақтас республикалардың бюджеттері де осы мақсаттарға қызмет етеді. 1940 жылға қарағанда екі есе өскен Украин ССР-інің мемлекеттік бюджеті бығалғы жылы 17,9 миллиард сом болып отыр. Республика бюджетінің үштен екі бөлігінен астамы халыққа мәдени-тұрмыс жағынан қызмет ету жөніндегі шараларды баржыландыруға жұмсалады. Соғыстан кейінгі жылдары Украинаның қалаларында және жұмысшы поселкелерінде 10 миллиондай шаршыметр тұрғын үй қалпына келтіріліп, жаңадан салынды, селоларда 300 мыңнан аса тұрғын үй салынды.

Товар айналымының жылдан жылға өсіп, халық тұтынатын товарларды шығарудың артуы да еңбекшілердің ал-ауқат дәрежесінің барған сайын жақсарып отырғандығын сыйпаттайды. Украин ССР-інің жергілікті өнеркәсіп кәсіпорындары ғала 1950 жылға қарағанда көпшілік тұтынатын заттарды кәзір 70 процент артық шығарады.

Біздің республикамыздың ауыл шаруашылығын мықтап өркендетуді қамтамасыз ету жөніндегі келешекте істелетін

сөзінің — обаның кластардың оқушыларының саны 1950 жылмен салыстырғанда екіжарым еседен артық көбейді. Украинада 30 мыңнан аса көпшілік кітапханалары, 28 мыңға жуық мәдениет үйлері мен клубтар, жүздеген театрлар, кинолар және басқа мәдени-ағарту мекемелері бар.

Украин ССР Ғылым академиясы, ғылыми зерттеу институттары, олардың ғылыми қызметкерлер коллективтері жаңа еңбектерімен, жиналықтарымен және өнертабыстарымен совет ғылымын байытуда, социалистік өндірістің барлық саласын оған әрі өркендетуге практикалық көмек көрсетуде.

Біздің жазушыларымыз, суретшілеріміз, скульпторларымыз, композиторларымыз өз шығармаларының идеялық және көркемдік дәрежесін әрдайым үнемі арттыруда, еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру ісіне белсене қатысуда.

ССРО-дағы социалистік құрылыстың аса ұлы табыстары Украинаның батыс облыстарының тағдырына зор ықпал жасады. Совет Одағының қуаттылығы, оның өскен халықаралық беделі бұл облыстар еңбекшілерінің совет халықтарының біртұтас туысқандық семьясына қайта қосылу туралы ізгі арманын жүзеге асыруына мүмкіндік берді. Қысқа мерзім ішінде Коммунистік партияның басшылығымен, ССРО-ның барлық халықтарының туысқандық көмегі арқасында бұларда жаңа, социалистік өмір орнату ісінде елеулі табыстарға қол жетті.

Украинаның батыс облыстарының еңбекші шаруалары капиталистік қанау жағдайында жоқшылық пен қанаушылықтың керемет ауыр азабын тартқан еді. Кәзір олар мәңгілік бекітіліп берілген ұлан байтақ көлхоз жерінде күш-жігермен, бақыттылықпен еңбек етуде. Совет мемлекеті жас көлхоздарды кәзіргі ауыл шаруашылық машиналарының барлық түрлерімен қамтамасыз етті, көлхозды шаруалардың ауқаты және мәдени тұрмысының басты шарты болып табылатын қоғамдық шаруашылықты өркендетуде және нығайтуда оларға күн сайын көмек беріп келеді.

Помениктер мен капиталистердің үстемдік еткен дәуірінде батыс облыстардың еңбекшілері үшін ғылым мен мәдениетке жол жоқ еді. Кәзір 23 институтта, үш университетте, жүздеген арнаулы орта мектептер мен техникумдарда жергілікті халықтың ондаған мың жас жігіттері мен қыздары оқиды. Олар совет өкметінің арқасында ғана ғылымға жетілуге мүмкіндік алды. Кәзір мұнда мектебі, клубы, кітапханасы немесе басқа да мәдени-ағарту мекемесі жоқ бірде-бір село кездеспейді.

Совет халқының коммунизм орнату жолындағы күресте қол жеткен ұлы, бүкіл дүниежүзілік тарихи жетістігі ССРО Конституциясында — дүние жүзіндегі ең демократияшыл конституцияда заң түрінде баянды етілген. Совет Конституциясының туы астында шын мәнісінде халықтық, социалистік демократия гүлденді. Біздің елімізде халықтың өзі еңбекшілер депутаттарының Советтері арқылы өз

ауыл шаруашылығын коллективтендірудің аса зор жоспарларын іске асыру жолындағы қажырлы еңбекте, неміс-фашист басқыншыларына қарсы Ұлы Отан соғысы майдандарындағы қаһармандық шайқастарда, соғыстан кейінгі бейбіт құрылыс-жылдарында нығайып, пынықты. Біздің халқымыздың қас жаулары — империалистер мен олардың агенттері — украин буржуазияшыл ұлтшылдары ұлы орыс халқына сенімсіздік және дұшпандық етуге, еліміздің халықтарының мызғымас одағы мен туысқандық достығын бұзуға қаншама әрекеттеніп бақса да, украин халқы ұлы орыс халқымен және Совет Одағының барлық халықтарымен көп қасырларға созылған, мызғымас достық өмір сүру жолында таңдап алған бірдей-бір дұрыс және сыннан өткен жолынан ешуақытта таймайды.

Украин халқы ССРО-ның барлық халықтарымен бірге Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығын мерекелеуге әзірленуде, ол өзінің жаңа еңбек ерлігімен ұлы орыс халқына оның сенімді достығы және үздіксіз туысқандық қалтқысыз көмегі үшін шексіз берілгендігін және шын жүректен шыққан алғысын, ССРО-ның барлық туысқан халықтарының мызғымас достығына деген өзінің айтылмас сезімін, социалистік Отанға, совет халқын адамзат бақытының асқар шыңына — коммунизмге бастап келе жатқан коммунистік партияға деген сүйіспеншілігі мен берілгендігін бейнелейді. Біздің социалистік Отанымыз — Ұлы Совет Одағы өзінің күш-қуаты толық шарықтаған кезінде тұр, социализмнің берік қамалы, халықтар арасындағы бейбітшілік пен достықтың мызғымас тірегі, бүкіл дүние жүзінің биік шоғыты болып отыр. Совет Одағы Коммунистік партиясының, оның Орталық Комитетінің және Совет Үкметінің данишпандық басшылығы совет халқының ССРО-да коммунизм орнатудың сәулетті программасын іске асырып жатқан совет халқының оған әрі табысқа жете беруінің кепілі болып табылады.

Шын мәнісінде тарихты жасаушы — совет халқының қуатты саяси және еңбек өрлеуі партияның, үкметтің және халықтың мызғымас бірлігін сыйпаттайды, халықтың туысқан Коммунистік партияға шексіз сенетіндігін бейнелейді. Халық Коммунистік партияны өзінің сыннан өткен көсемі, коммунизм құрылысындағы ұлы ұйымдастырушы және басшы күші деп біледі.

Бүкіл совет адамдары Коммунистік партия мен Совет Үкметінің ішкі және сыртқы саясатын халықтың түбірлі мүдделеріне сай келетін бірден-бір дұрыс саясат деп бірауыздан мақұлдайды және бұл саясатты іс жүзінде асыру үшін қажырлылықпен күреседі.

Советтік Украинаның еңбекшілері ССРО-ның барлық халықтарымен бірге Коммунистік партияның басшылығымен біздің ұлы Отанымыздың қуаттылығын оған әрі нығайту жолында күш-жігермен жемісті еңбек ете береді, сөйтіп, бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті нығайту ісіне, коммунистік қоғам орнату ісіне өзінің лайықты үлесін қосады.

ну жолымен өзінің қылмысты мақсаттарына жетуді көздеп, жеделдете әрекет жасауға кіріскен. Дәл осының өзі Отанға опасыздық етушінің шын кескінін қысқа мерзімде әшкерелеп, оның дұшпандық әрекеттерін жоюға батыл шаралар қолдануға мүмкіндік берді.

1953 жылғы мартта ССРО Ішкі істер министрі болғаннан кейін Берия қаскүнемдік топқа қатысушыларды Ішкі істер министрлігінде бірқатар басшы қызметтерге мейлінше жоғарылата бастаған. Берияның қылмысты жарлықтарын орындаудан бастартқан Ішкі істер министрлігінің адал қызметкерлерін қаскүнемдер қудалап, қуғынға ұшыратқан.

Елімізде көлхоз құрылысын әлсіретіп, азық-түлік қыйыншылықтарын тудыру мақсатымен Берия көлхоздар мен совхоздардың шаруашылығын өркендетуге, совет халқының әл-ауқатын үздіксіз арттыруға бағытталған партия мен үкметтің аса маңызды шараларына барлық амалдармен саботаж жасап, бұл шараларды жүргізуге кедергі келтірген.

Мұнымен қатар Берияның және оның сыбайластарының одақтас республикаларда буржуазияшыл-ұлтшыл элементтердің қалдықтарын жандандыруға, ССРО халықтары арасында араздық, алауыздық тудыруға, ең алдымен ССРО халықтарының ұлы орыс халқымен достығын әлсіретуге қылмысты шаралар қолданғаны анықталды.

ССРО ішінде ешқандай әлеуметтік тірегі жоқ Берия және оның сыбайластары өздерінің қаскүнемдігін шетелдегі реакцияшыл империалистік күштер қолдайды деп қылмысты үміт артқан.

Кәзір тергеуде анықталып отырғанындай, Берия азамат соғысы кезінің өзінде-ақ шетелдік разведкалармен байланыс жасаған. 1919 жылы Берия Бакуда болған кезінде, ағылшын тыңшылық органдарының бақылауымен әрекет жасаған Азербайжандағы контрреволюцияшыл муссаватистік үкметтің разведкасына жасырып-агентуралық қызметке кіріп, сатқындық жасаған. 1920 жылы Берия Грузияда болған кезінде, Грузиядағы ағылшын разведкасының филиалы болған меньшевиктік охранкамен күпия байланыс жасап, тағы да опасыздық әрекет істеген.

Тергеуде мынау анықталды: Берия бұдан кейінгі жылдарда да шетелдік разведкалар жіберген шпиондар арқылы өзінің осы разведкалармен қылмысты астыртын байланыстарын үзбей, ұлғайтып келген. Ол қолынан келген уақыттарда бұл шпиондарды әшкерелеуден және сазаайын тартатын жазадан сақтап қалып отырған.

## ССРО Жоғарғы Советінің Президиумында

В. Н. Меркуловтың ССРО Мемлекеттік халықаралық қатынастар министрінің және Ішкі істер министрлігінде жұмыс істеген кезінде мемлекетке қарсы қылмысты әрекеттер істегенін ССРО Прокуратурасының әшкерелеуіне байланысты, ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы, ССРО Министрлер Советінің осы жылғы 17 сентябрьдегі ұсыны-

сы бойынша, В. Н. Меркуловты ССРО Мемлекеттік бақылау министрі қызметінен түсіріп, оны сот жауабына тартты.

Сонымен айыпкерлер Берияның, Меркуловтың, Деканозовтың, Кобуловтың, Гоглиденің, Мешиктің және Владимирскийдің Бериямен көп жылғы бірлескен қылмысты тапсырмаларының қандай болса да орындап, оның бұрынғы қылмыстарын жасырып, бүркемелеуіне көмектесіп, жоғарыда көрсетілген көштеген аса ауыр мемлекеттік қылмыстар жасағаны тергеу материалдарымен дәлелденді.

Сонымен айыпкерлер Берияның, Меркуловтың, Деканозовтың, Кобуловтың, Гоглиденің, Мешиктің және Владимирскийдің Отанға опасыздық етіп, халықаралық империализмнің агентурасы ретінде, совет халқының ең қас жауы ретінде әрекет жасап келгендігі анықталды.

Тергеуде мұнымен қатар Берияның қоралдық жағынан мейлінше азғандығын дәлелдейтін басқа да қылмыстарының фактілері және, оның үстіне, Берияның қылмысты арамниет әрекеттерімен өкметке қыянат жасағандығының фактілері анықталды.

Тергеуде кептеген куәлердің берген жауаптарымен және түп нұсқалы документті мәліметтермен әшкереленген айыпкерлер өздерінің көптеген аса зор мемлекеттік қылмыстар жасағанын мойындады.

Берия Отанға опасыздық жасағаны, антисоветтік қаскүнемдік ұйымдастырғаны, террорлық әрекеттер жасағаны, азамат соғысы кезінде контрреволюцияшыл муссаватистік үкмет разведкасының органдарында жасырып-агентуралық қызметте жүргізген жұмысын табы мен революциялық жұмысын қозғалысына қарсы белсенді күресі үшін, яғни РСФСР Қылмысты істер кодексінің 58-1 «б», 58-8, 58-13, 58-11 статьяларында көрсетілген қылмыстармен айыпталып, сотқа берілді.

Меркулов, Деканозов, Кобулов, Гоглидзе, Мешик және Владимирский Отанға опасыздық жасағаны, террорлық әрекеттер істегені және контрреволюцияшыл опасыздардың қаскүнемдік тобына қатысқаны үшін, яғни РСФСР Қылмысты істер кодексінің 58-1 «б», 58-8, 58-11 статьяларында көрсетілген қылмыстармен айыпталып, сотқа берілді.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указына сәйкес Берияны, Меркуловты, Деканозовты, Кобуловты, Гоглидені, Мешикті және Владимирскийді айыптау жөніндегі іс 1934 жылғы 1 декабрьдегі Заңмен белгіленген тәртіп бойынша ССРО Жоғарғы сотының Арнаулы сот құрамының қарауына жатады.

Редактор Ф. МҰХАМЕДЖАНОВ.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.